

Кептірілген газ К-1 колоннаның жоғарғы бөлігінен С-2 –ге барып түседі де қысымның төмендеуі нәтижесінде ұсталынып қалынған гликоль тамшыларынан айырылып, С-2 (ағын 2) газсеператорлы – тамшыбөлгіштің жоғарғы бөлігі арқылы бөлінеді. Концентрациясы 95-96% болатын сумен қаныққан гликоль ағыны(III), С-2 түбі мен К-1 дегі кубпен араласады да, жылуалмастырғыш арқылы өтіп, жұқа абсорбент қабатынан жылуды сіңіреді. Содан 100-130С-та К-2 десорберге регенерацияға түседі.

Десорбцияға жылу бу жылытқыш арқылы енгізеді. К-2 десорбердің төменгі бөлігіне жылуды түсіру үшін 145-150⁰С температурада су қайнатқыш арқылы жұқа адсорбенттің жартысы(IV) беріледі, ал балансты бөлігі жылуалмастырғыш арқылы өтіп, К-1 колоннаның жоғарғы бөлігіне барады.

К-2 колоннаның жоғарғы бөлігі арқылы судың конденсаты(V) 62-67⁰С алынады, суытылғаннан кейін Е сыйымдылығына жиналады да аз-аздан К-2 колоннаның жоғарғы бөлігіне өтеді ал қалғаны канализацияға құйылады. Десорбция 160-190⁰С-та 0,011-0,013 Мпа-да жүзеге асады. Гликоль концентрациясы 99,5%-ке жетеді.

Кептірілген газдың шық нүктесі - -15⁰С.